15.1 Деректерді төмен және орташа жылдамдықты табыстауға қолжетімділігі бар ұялы байланыс абоненттерінің саны, бірлік
Число абонентов сотовой связи, имеющих доступ к низко- и среднескоростной передаче данных, единиц

15.2 Деректерді кең жолақты жоғарғы жылдамдықты табыстауға қолжетімділігі бар ұялы байланыс абоненттерінің саны, бірлік
Число абонентов сотовой связи, имеющих доступ к широкополосной высокоскоростной передаче данных, единиц

16. Жөнелтілген телеграммалар саны туралы ақпаратты көрсетіңіз, бірлік
Укажите информацию о количестве отправленных телеграмм, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Х а л ы қ Население		Басқа топтар Другие группы	
		барлығы всего	оның ішінде - ауылдық жерлерде из них - сельская местность	барлығы всего	оның ішінде - ауылдық жерлерде из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Жөнелтілген телеграммалар саны Количество отправленных телеграмм				
2	республика ішінде внутри республики				
3	ТМД елдері страны СНГ				
4	ТМД-дан тыс елдер страны вне СНГ				

17. Тіркелген Интернет абоненттері туралы ақпаратты көрсетіңіз, бірлік
Укажите информацию об абонентах фиксированного Интернета, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Х а л ы қ Население		Басқа топтар Другие группы	
			оның ішінде - ауылдық жерлерде		оның ішінде - ауылдық жерлерде

		барлығы всего	из них - сельская местность	барлығы всего	из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Абоненттер саны - барлығы Число абонентов - всего				
2	нөмірді терумен (коммутаци ялайтын қолжетімділік) с набором номера (коммутируемый доступ)				
3	жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен с использованием высокоскоростного широкополосного доступа				
4	кабельді модемді пайдаланумен с использованием кабельного модема				
5	сандық абоненттік желіні (С АЖ) пайдаланумен с использованием цифровой абонентской линии (ЦАЛ)				
6	жалға алынған Интернет желілерінің абоненттері абоненты арендованных линий Интернета				
7	басқа да абоненттер прочие абоненты				

18. Интернет желісіндегі трафик туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о трафике в сети Интернет

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Оның ішінде - ауылдық жерлерде Из них - сельская местность
А	Б	1	2
1	Нөмірді терумен тіркелген Интернет трафигі, мың м и н у т Трафик фиксированного Интернета с набором номера, тысяч минут		
2	Тіркелген кең жолақты Интернет трафигі, Мбит/с Трафик фиксированного широкополосного Интернета, Мбит/с		
3	с ы р т қ ы внешний трафик	т р а ф и к	
4	Ұтқыр Интернет трафигі, Трафик мобильного Интернета, Мбит/с	Мбит/с	

5	Интернетті өткізудің халықаралық жолағы, Мбит/с Международная полоса пропускания Интернета, Мбит/с	x
6	шығыс исходящие	x
7	кіріс входящие	x

19. Кабельді теледидар жүйелері мен абоненттерінің саны туралы ақпаратты көрсетіңіз, бірлік

Укажите информацию о количестве систем и абонентах кабельного телевидения, единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіште рдің атауы Наименование показателей	Х а л ы қ Население		Б а с қ а Другие группы	
		барлығы всего	оның ішінде - ауылдық жерлерде из них - сельская местность	барлығы всего	оның ішінде - ауылдық жерлерде из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Кабельді теледидар жүйелерінің с а н ы Количество систем кабельного телевидения				
2	Кабельді теледидар абоненттерінің саны Число абонентов кабельного телевидения				
3	оның ішінде – интерактивті (сұрау салу бойынша бағдарламаларды алу) из них – интерактивного (получение программ по запросу)				

20. Аумақтың жылжымалы ұялы байланыс желісімен және сандық эфирлі телехабарлармен қамтылғаны туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию об охвате территории сетью подвижной сотовой связи и эфирным цифровым телевидением

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Оның ішінде - ауылдық жерлерде Из них - сельская местность
А	Б	1	2
1	Жылжымалы ұялы байланыс желісімен аумақтың қамтылу пайызы Процент охвата территории сетью подвижной сотовой связи		

2	Эфирлі сандық телехабарлармен аумақтардың қамтылу пайызы Процент охвата территории эфирным цифровым телевидением		
---	---	--	--

21. Қосалқы қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (жұмыс, қызмет) көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге
Укажите информацию об объеме произведенной продукции (работ, услуг) по вторичным видам деятельности, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Қызмет түрінің атауы Наименование вида деятельности	ЭҚЖЖ коды Код ОКЭД	Кезең ішінде За период
А	Б	В	1
1	Барлығы Всего		

Атауы _____ **Мекенжайы** _____
Наименование _____ Адрес _____
Тел.: _____

Электрондық почта мекенжайы
Адрес электронной почты _____

Орындаушының аты-жөні және телефоны
Фамилия и телефон исполнителя _____ Тел. _____

Басшы _____ (Т.А.Ә. қолы)
Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись) _____ М.О.

Бас бухгалтер _____ (Т.А.Ә. қолы)
Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____ М.П.

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасы міндетін
атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы
№ 232 бұйрығына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 2011.09.28 № 275 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Байланыс қызметтері туралы есеп» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 0891104, индексі 2–байланыс, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Бұл Нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Байланыс қызметтері туралы есеп" жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық

нысанын (коды 0891104, индексі 2–байланыс, кезеңділігі жылдық) толтыру
т ә р т і б і н н а қ т ы л а й д ы .

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында
қ о л д а н ы л а д ы :

1) абонент – бұл байланыс қызметін көрсетуге, сондай мақсаттар үшін
абоненттік желі, абоненттік нөмір және (немесе) сәйкестендіру кодын бөлумен
шарт жасалған жеке немесе заңды тұлғалар;

2) деректерді беру – есептеу құралдарымен кейінгі өңдеу немесе өңдеуден
кейінгі қос белгілер түрінде ұсынылған деректерді тапсыруды электр
байланысымен қамтамасыз ететін электр байланысының түрі;

3) жергілікті телефон байланысы – бұл Қазақстан Республикасының
аумағында орналасқан бір елді мекендегі абоненттер арасындағы телефондық
б а й л а н ы с ;

4) интерконнект – ол операторлардың арасындағы желіаралық байланыс.
Интерконнект ставкалары бір оператордың өзге операторға абоненттің өз
желісінен тыс сөйлесудің әр минуты үшін төлеген сомасын анықтайды. Қосалқы
төлем болмағандықтан желілер ішіндегі қоңырау шалудың тарифі әдетте аз
б о л а д ы .

5) Интернет – TCP / IP хаттамалары арқылы өзара байланысатын компьютер
желілерін біріктіретін ғаламдық компьютер желісі;

6) қалааралық телефон байланысы – жергілікті телефон байланысын
қоспағандағы Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан байланыс
қызметтерін пайдаланушылар арасындағы телефон байланысы;

7) қосалқы қызмет түрі - негізгіден басқа үшінші тұлғалар үшін өнімді (
жұмыс, қызмет көрсетуді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі;

8) негізгі қызмет түрі – қосылған құны кәсіпорын жүзеге асыратын кез келген
қызмет түрінің қосылған құнынан асып кететін қызмет түрі;

9) пакетті радиобайланыстың жалпы қызметі (GPRS) – 3G (W-CDMA) ауысу
кезеңі сияқты операторлармен қолданылатын, 2,5G жылжымалы байланыстың
с т а н д а р т ы ;

10) радиобайланыс, радио- және теледидар тарату – радио және теледидар
бағдарламаларын эфирде көрсету, телефон-телеграфтық хабарламалар, сандық
ақпараттар үшін радиоарналарды ұсыну;

11) сымсыз қосымшалар хаттамасы (WAP) – электр байланыс саласында
анағұрлым жетілдірілген қызметтерді көрсетуге мүмкіндік беретін және ұтқыр
телефон арқылы Интернет желісі беттеріне қатынауға мүмкіндік беретін сымсыз
б а й л а н ы с ү ш і н х а т т а м а ;

12) телеграфтық байланыс – жеделхаттарды, фотожеделхаттарды жіберу және
жеткізу, абоненттік телеграф арқылы сөйлесулерді қамтамасыз ету, деректерді (

түрлі объектілер - кәсіпорындар, мекемелер, электронды есептеу машиналары арасындағы жедел ақпараттық айырбас) жіберу, газет беттерін табыстау;

13) телефон байланысы – жергілікті (қалалық және ауылдық), қалааралық және халықаралық телефон сөйлесулерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету, телефон арналары бойынша деректерді тапсыруды ұйымдастыру;

14) транкингік байланыс – топтық шақыру режимінде қызмет етуші радиобайланыс. Көпшілік байланыс үшін арналарды жиіліктерге бөлу қолданылады. Жиіліктер абоненттерге бекітілмеген: эфирге шыққысы келетін пайдаланушы радиостанциясы бос арнаны іздеп байланысқа шығуға болатын спектрді жаймалай тексереді және оны тапқаннан соң ғана тапсыруды бастайды;

15) трафик - байланыс құралдарына жүктеме жасайтын шақырулар, хабарламалар мен сигналдар ағымы;

16) тіркелген телефон желілері – абоненттің соңғы қондырғыларын жалпы қолданыстағы коммутацияланатын желімен қоса алатын, коммутациялық жүйелер қондырғысына бөлінген порты бар, соның ішінде сымсыз қолжетімділік жүйелерін (әр алуан стандарттардағы жерсеріктік және жер үстіндегі сымсыз жүйелер) және IP-технологиядан жоғары жүйелерді пайдаланатын абоненттік желі.

Тіркелген телефон желісі көрсеткіші абонентке бекітілген, биллингті енгізу үшін қажетті шығатын нөмірлер деректерінен және оларға кіретін трафикке барлық виртуалды нөмірлерді ескере отырып, қолжетімділік технологиясына карамастан жергілікті телефон байланысы операторының нөмірлеу жоспарындағы желіге қосылған телефон нөмірін есепке алады, мыналарды қ а м т и д ы :

негізгі телефондар;
қосарланған телефондар;
сөйлесу кабиналары;
үкіметтік нөмірлер;
қызметтік нөмірлер;

радиоұзартқыштар құралдары бойынша ұсынылатын нөмірлер;
сериялық нөмірлер (ішкі нөмірлерге айналатын, қонақ үй, кеңселердегі және өзге де АТБ-ларға арналған жергілікті телефон байланыстары операторларының бөлінген 6-7 санды нөмірлерін қоса);

нөмірді сақтай отырып брондау;
абоненттік радиоқолжетімділік терминалдары;
жергілікті телефон байланысының нөмірлеу жоспарымен ұтқыр радиоқолжетімділік терминалдары;

SIP-технология бойынша қосылған терминалдар;
ағымдарға қосылған нөмірлер (E1, PRI/BRI және басқалары);

қолжетімділіктің әр алуан технологияларын пайдалану арқылы қосылған өзге
д е т е р м и н а л д а р ;

17) ұялы байланыс – абоненттің бір ұяшықтан екінші ұяшыққа қозғалуы барысында байланыстың үзілмеуін қамтамасыз ететін және радиотолқындар арқылы көбінесе ауызша сөйлеу түрінде берілетін ақпаратпен екі жақты (көп тарапты) ауысуға арналған, қызмет көрсетілетін аумақты бірнеше ұяшықтарға бөлетін электр байланысының түрі;

18) халықаралық телефон байланысы – Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттер аумақтарында орналасқан байланыс қызметтерін пайдаланушылар арасындағы телефон байланысы;

19) электр байланысы (телекоммуникация) – сым, радио-, оптикалық немесе басқа электрмагниттік жүйелер бойынша белгілерді, сигналдарды, жазбаша мәтіндерді, бейнелер мен дыбыстарды беру және қабылдау;

20) электрондық почта – екі Интернетке қосылған компьютер арасында мәтіндік хабарламаларды және салынған файлдарды табыстау арнасы. Ақпарат келер алдында есептеу техникаларымен дайындалатын немесе өңделетін " электронды почта жәшіктерінде" аралық жинаумен электр байланысы арналары арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен табыстау;

21) CDMA 1x (0 баламасы) – пайдаланушыларға CDMA-ға, әдеттегідей, 256 кбит/с-тан аспайтын жұмыстың анағұрлым жоғарғы жылдамдығын қамтамасыз ететін IMT-2000 стандарттар жүйесінің бөлігі;

22) iMode – WAP шегінде WML тілдің орнына пайдаланылатын сымсыз құрылғылар үшін белгілеудің ықшам тілі (CWML) деректерді көрсету үшін пайдаланылатын деректерді сымсыз табыстаудың пакетті құрылғысы;

23) IP-телефония – Интернетті немесе кез-келген басқа IP-желісін халықаралық және қалааралық телефон сөйлесулерін ұйымдастыру және жүргізу және нақты уақыт режимінде факстерді тапсыру құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік туғызушы технология.

3. Есептіліктің барлық көрсеткіштері құндық көріністе қосылған құн салығын есепке алусыз, бір ондық белгісімен мың теңгемен көрсетіледі.

Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерге заңды тұлға статистикалық нысанды беруді өткізу бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жердегі статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсыну керек. Егер құрылымдық бөлімше статистикалық нысанды беруді өткізу бойынша өкілеттіктерді алмаса, онда заңды тұлға өзі орналасқан жердегі статистика органдарына олардың аумақтарын көрсете отырып, құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде статистикалық нысанды ұсыну керек.

Кәсіпорынның байланыс қызметтерінің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлеміне құндық көріністе есепті жылы көрсетілген қызметтердің

мерзіміне қарамастан халыққа, кәсіпорындарға және ұйымдарға оларға көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен қаражат түсімдері қосылады.

Құндық көріністегі халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстардың көлеміне азаматтарға олардың қаражаттары үшін көрсетілген қызметтерден алынған негізгі және қосалқы қызмет түрінен түскен қаражаттардан тұрады.

Байланыс қызметтерінің барлық түрінен қызметтер көлеміне таксофондарға арналған смарткарталарды өткізуден, сондай-ақ: халықаралық, қалааралық телефон байланыс қызметтерінен; жергілікті телефон байланысынан; байланыс арналарын жалға беруден; деректерді таратудан; сымсыз байланыстан; телеграфтық байланыстан; өзге де қызметтерінен түскен табыстар кіреді.

Қалааралық телефон байланысы қызметінің көлемі алдын ала тапсырыс беру бойынша қалааралық және халықаралық телефондық сөйлесулерді, жедел тариф бойынша сөйлесулер, таксофон арқылы сөйлесулерді, қосымша қызметтерді (сөйлесу пунктіне шақыру туралы абоненттің мекенжайы немесе телефоны бойынша ескертулерді, басқа қаладағы телефон нөмірі туралы анықтамаларды беру, сөйлесулерді басқа мекенжайға жолдау және тағы басқа) ұсыну бойынша қызмет көрсетулерді қосады.

Жергілікті жаппай қолданыстағы қалалық телефон жүйесі байланысының қызмет көрсетулерінің көлемі қалалық (жергілікті) телефондалған аймақ (облыс) арасындағы байланысты орнату және ұстауға қажетті қосу (қайта қосу) және тасымалдау (деректер мен хабарламаларды) бойынша қызмет көрсетулерді қосады. Осы қызмет көрсетулер жеке және ұжымдық телефонды (төлемақыға сәйкес) пайдалануды қарастырады. Сонымен қатар, осыған телефондық аппаратты орналастыру (қайта орналастыру), жөндеу және ауыстыру (телефон нөмірін анықтай алатын немесе нөмірді анықтай алмайтын негізгі және параллельді), абонент нөмірін ауыстыру, байланыстың қалалық телефон байланыс жүйесіне келген ақауларды жөндеу және басқа да қосымша қызметтер бойынша (қарауылшы дабылдаманың қосылуы, қосымша телефон шалулар, жарық дабылдамасы және тағы басқа) қызметтер жатқызылады.

Ұтқыр телефон байланысының қызмет көрсету көлемі тасымалданатын ұтқыр телефон (радиотелефон) бойынша хабарламаларды қабылдау және жіберу жөніндегі қызметтерден тұрады. Мұндай телефондарда жалпы пайдаланудағы телефон жүйелеріне немесе басқа ұтқыр телефондарға ену рұқсаты бар және жалпы пайдаланудағы телефон жүйелеріне, оның ішінде факсимильді

байланысқа қарасты барлық функцияларды орындайды.

Ұтқыр байланыс бойынша көрсеткіштер қозғалыстағы абоненттерге өзара және тұрақты телефон желісінің абоненттерімен байланысуға мүмкіндік беретін ұтқыр байланыстың қызмет көрсетулерін ұсынатын операторлармен т о л т ы р ы л а д ы .

Деректерді беру үшін байланыс жүйелерінің қызмет көрсетулерге әртүрлі немесе бірдей схемалы жабдықтары (құрылғылары) бар түпкілікті пунктері арасындағы деректерді тарату бойынша жүйелі қызметтер кіреді. Деректерді тарату (және қабылдау) бойынша қызмет көрсетулер байланыс жүйесінің жалпы қолжетімді, сондай-ақ белгіленген (тұтынушылармен арнайы төленген) арналары а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Сонымен қоса, жеделхаттарды қабылдау, табыстау бойынша телеграфтың қызмет көрсетулеріне телефаксимильді, телемәтіндік байланыс қызметтері және өзге де телеграфтық қызмет көрсетулер, электрондық пошта қызметтері, яғни ақпарат келер алдында есептеу техникаларымен дайындалатын немесе өңделетін электронды почта жәшіктерінде аралық жинақтаумен байланыс арналары арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен табыстау жатады.

Өзге де телекоммуникациялық қызметтерге:
телематикалық қызметтері;
І Р - т е л е ф о н и я ;
интеллектуалдық жүйелер;
телекоммуникацияларды басқа байланыс операторлары;
телекоммуникацияларына қосу және қосақтау бойынша қызмет
көрсетулермен технологиялық байланысты;
телекоммуникация жүйесіне абоненттік қолжетімділікті ұйымдастыру
бойынша қызмет көрсетулер (телекоммуникациялық жабдықтарға, байланыс
инфрақұрылымының элементтеріне), техникалық қызмет көрсету және жөндеу
қ о с ы л а д ы ;

сонымен қоса (телекоммуникациялық жабдықтарды, байланыс
инфрақұрылымының элементтерін, өзге де жабдықты) құрылғыларды жалға
б е р у д і ұ с ы н у ;

байланыс операторларына көліктік жүйе арналарына қатынауды табыс ету
бойынша қызметтер және байланыс операторларына арналған трафикті енгізу
бойынша қызмет көрсетулер жатқызылады.

10-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына тіркелген телефон желілерінің
саны көрсетіледі (негізгі телефон желісі).

2-жолда есепті жылдың соңына сандық телефон станцияларына қосылған
тіркелген телефон желілерінің саны көрсетіледі.

11-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына шақырылған абоненттің жауап

беруімен аяқталған және сөйлескен болып тарифтелетін аймақішілік, қалааралық және халықаралық шығыс шақырулар саны көрсетіледі.

12-бөлімде ішкі аймақтық, қалааралық, халықаралық, сондай-ақ транзиттік трафикті өткізу мың минутта көрсетіледі.

13-бөлімнің 1-жолында шақырылатын абоненттің ақырғы абоненттік құрылғысы орналасқан жергілікті тариф аймағының ішіндегі тіркелген телефон желісінің тиімді (аяқталған) трафигінен тұратын есепті жылдағы жергілікті телефон трафигінің жиынтық мөлшері көрсетіледі. Бұл бір абонент басқа абонентке қоңырау шалса, аймақ ішіндегі жергілікті тариф бойынша төлей а л а т ы н а у д а н .

2-жолда есепті жылы тіркелген байланыс желісінің пайдаланушыларынан шығатын (төленетін ішкі аймақтық қалааралық және халықаралық) жылжымалы байланыс желісінің кіріс трафигі минуттарының жалпы саны көрсетіледі.

3-жолда есепті жылы минуттағы ел ішіндегі тіркелген және жылжымалы байланыс абоненттеріне тіркелген байланыс абоненттерінің трафигін қоса, тіркелген телефон байланысының тиімді (аяқталған) аймақішілік және қалааралық шығыс ақылы трафигі көрсетіледі. Егер де шақырылатын абонент шақырып тұрған абоненттің жергілікті телефон аймағынан тыс орналасқан болса, сөйлесу қалааралық болып есептеледі.

4-жолда халықаралық телефон трафигінің нақты бекітілген (аяқталған) жиынтық мөлшері және есепті жылы минуттағы халықаралық телефон трафигін өткізу (кіріс) қызметі көрсетіледі.

5-жолда есепті жылы осы елден шығатын тыс елге бағытталған тиімді (аяқталған) шығыс халықаралық трафигі көрсетіледі.

6-жолда есепті жылы басқа ел ішіне бағытталған елдерден келетін тиімді (аяқталған) халықаралық трафик көрсетіледі.

14-бөлімнің 1-жолында есепті жылы ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттері (жылжымалы, сондай-ақ тіркелген байланыс абоненттері сияқты) шығыс трафигінің көлемі көрсетіледі.

2-жолда есепті жылы ұялы жылжымалы байланыстың бір желісі абоненттері арасында шығыс трафигінің көлемі көрсетіледі.

3-жолда есепті жылы ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттерінің басқа да ұялы жылжымалы байланыстың желілеріне шығыс трафигінің көлемі к ө р с е т і л е д і .

4-жолда есепті жылы елден тыс бағытталған ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттерінің шығыс трафигі көрсетіледі.

5-жолда есепті жылы шетелде болған кезеңінде ұялы жылжымалы байланыстың ұлттық желісі абоненттерімен құрылған трафиктің (шығыс және кіріс) көлемі көрсетіледі.

6-жолда есепті жылы тіркелген байланыс желісі пайдаланушылармен ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттерінің шығыс трафигінің көлемі көрсетіледі.

7-жолда есепті жылы шетелден ұялы жылжымалы байланыс және тіркелген байланыс желісінен ұялы жылжымалы байланыс желісінің халықаралық шығыс трафигі көрсетіледі.

8-жолда есепті жылы басқа елдердің ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттерінің олардың осы елде орналасқан кезеңінде шығыс және кіріс трафигінің көлемі көрсетіледі.

9-жолда есепті жылы ұлттық және халықаралық бағытта жөнелтілген SMS (Short Message Service) саны көрсетіледі.

10-жолда есепті жылы ұлттық және халықаралық бағытта жөнелтілген MMS (Multimedia messaging service) саны көрсетіледі.

11-жолда роуминг туралы келісімі бар елдердің жалпы саны көрсетіледі (2–байланыс статистикалық нысаны бойынша есепке елдердің тізбесін қосымша ұсыну қажет).

15-бөлімнің 1-бағанының 1-жолында есепті жылдың соңына сандық сондай-ақ, аналогтық барлық стандарттардың ұялы жылжымалы байланыс операторлары абоненттерінің саны көрсетіледі.

Есеп жылжымалы байланыс операторларымен жасалған шарттар саны бойынша, GSM стандарттары үшін абоненттер есебі SIM – карталар саны бойынша жүргізіледі (соңғы жыл ішінде бір рет болсын байланысты пайдаланғандар).

2-жолдың 1-бағанында алдын ала төлеу карточкаларын пайдаланатын жылжымалы ұялы байланыс абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі. Бұл абоненттер тіркелген ай сайынғы абоненттік төлемді енгізудің орнына пайдаланушы уақыт пакеттерін сатып алуды жөн көреді.

3-жолда сандық ұялы байланыстың (GSM, DAMPS, CDMA: IS-95, IMT-MC-450) алдын ала төлеуін және кейінгі төлемдерін пайдаланатын абоненттер саны қосылуы тиіс.

4-жолда 256 кбит/с кем емес (мысалы, GPRS, CDMA 1x (0 баламасы) және тағы басқасы) төмен жылдамдықпен деректерді табыстауға (мысалы, Интернетке) қолжетімділігі бар жылжымалы ұялы байланыс абоненттерінің саны көрсетіледі. Деректерді табыстаудың бұл технологиялары WAP және i-mode қызметтерін қамтамасыз етеді. Әдеттегідей, мұндай қызметтер 2,5G қызметтері деп аталады, алайда CDMA 1x (0 баламасы) жағдайында олар ITM – 2000 MC-ге жататын 3G қызметтерінің бөлігі болуы мүмкін. Мұндай қызметтер келесіден тұрады: пакетті радио байланыстың жалпы қызметі (GPRS), сымсыз қосымшалар хаттамасы (WAP), iMode, CDMA 1x (0 баламасы).

Егер абонент соңғы 3 айдың ішінде биллингтік жүйелер деректер талдауында сипатталатын деректерді табыстаған немесе алған болса, онда абонент деректерді табыстау қызметтерінің пайдаланушысы болып табылады.

5-жолда кең жолақты табыстау (мұнда бір немесе екі бағыттарда 256 кбит/с тең немесе одан асатын жылдамдықтар белгіленеді) жылдамдықтарымен деректерді табыстауға (мысалы, Интернет арқылы) қолжетімділігі бар ұялы жылжымалы байланыс желісі абоненттерінің саны көрсетіледі; WCDMA, HSDPA, CDMA2000 1xEV-DO, CDMA 2000 1xEV-DV және тағы басқаларына. Мұндай қызметтер, әдеттегідей, 3G немесе 3,5G қызметтер деп аталады және олар келесілерден тұрады:

кең жолақты CDMA (W-CDMA) – қазіргі уақытта 384 кбит/с-қа дейін жылдамдықпен пакеттердің коммутациясымен деректерді табыстауды, ал іске толық енгізуде 2 Мбит/с-қа дейін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін CDMA базасында IMT-2000 3G жылжымалы байланыс желісінің технологиясы.

WCDMA-ға желі бойынша төмен деректерді табыстау барысында жылдамдықты 8–10 Мбит/с-қа дейін арттыруға мүмкіндік беретін бәсеңдетілген арнада (HSDPA) жоғары жылдамдықты табыстау пакетіне қолжетімділік. Шамасы 5 Мбит/с-қа дейін көтерілу желісінде жылдамдықты қамтамасыз ететін жоғарғы арнаға (HSDPA) жоғары жылдамдықты табыстау пакетіне қолжетімділікпен толықтырады.

CDMA2000 1xEV-DO (Evolution, Data Optimised) – CDMA базасында IMT-2000 3G жылжымалы байланыс желісінің технологиясы, бұл 4,9 Мбит/с-қа дейін жылдамдықпен пакеттер коммутациясы мен деректерді табыстауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Абонент соңғы 3 ай ішінде бір рет болсын кең жолақты жоғары жылдамдықты деректерді табыстау қызметін пайдаланса, онда ол пайдаланушы болып саналады, бұл биллингтік жүйе деректерінің талдауында көрсетіледі. Егер абонент соңғы 3 ай ішінде ең болмаса бір рет төмен – және орта жылдамдықты, сондай-ақ кең жолақты жоғары жылдамдықты деректер беру қолжетімділігі қызметін пайдаланса, оны кең жолақты жоғары жылдамдықты деректер беру қызметін пайдаланушы абонент деп санау қажет.

16-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына ішкі және халықаралық, шығыс және кіріс жеделхаттар көрсетіледі.

17-бөлімнің 1-жолында нөмірді терумен қолжетімділікті, тіркелген кең жолақты Интернет абоненттерінің жалпы санын, кабельді модемдерді және цифрлық абоненттер желісін (ЦАЖ) пайдаланатын Интернет абоненттерінің санын, кең жолақты Интернет және жалғанған желілер бойынша Интернеттің басқа да абоненттерін қоса тіркелеген қатынаумен Интернеттің барлық абоненттерінің саны көрсетіледі. Бұл жүйеге ұзақ уақыт кезеңінде пайдаланған

тек белсенді абоненттер қосылады.

2-жолда нөмірді терумен Интернет абоненттерінің саны көрсетіледі. Нөмірді теру Интернетке модем және телефон желісі арқылы қосылуды білдіреді. Бұл үшін модемнің Интернетке қолжетімділігі қажет болған жағдайда белгілі телефон нөмірін теру керек.

3-жолда бір немесе екі бағытта 256 кбит/с немесе одан да жоғары жылдамдықпен жалпы пайдаланудағы Интернетке жоғары жылдамдықты қолжетімділік үшін (ТСР/ІР қосылуы) төлейтін кең жолақты Интернет абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі. Осы көрсеткішке кабельді модем, сандық абоненттік желілер, үйге, ғимаратқа талшықты-оптикалық қосу және тағы басқа кең жолақты байланыстың тіркелген абоненттер желілері кіреді. Бұл жалпы сандар төлеу әдісіне тәуелсіз анықталады. Жылжымалы ұялы байланыс арқылы деректерді беруге қолжетімділігі бар абоненттер кірмейді.

4-жолда кабельді теледидар желілеріне қосылған модемдерді пайдаланатын Интернет абоненттері көрсетіледі. Қолжетімділік жылдамдығы бір немесе екі бағытта 256 кбит/с немесе жоғары құрау керек.

5-жолда ЦАЖ технологиясын пайдаланатын Интернет абоненттері көрсетіледі. ЦАЖ технологиясы ақпараттың кәдімгі мыс телефон желісі бойынша үйлерге және шағын кәсіпорындарға кең жолақты табыстауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қатынау жылдамдығы бір немесе бірнеше бағыттарда 256 кбит/с немесе жоғары құрау керек.

6-жолда жалға алынған Интернет желілеріндегі абоненттер көрсетіледі.

7-жолда Интернетке тіркелген кең жолақты қатынаудың (ЦАЖ, кабельді модем және жалға алынған желілерден басқа) басқа да технологияларын пайдаланатын Интернет абоненттері көрсетіледі. Оларға спутникті кең жолақты Интернет, пайдаланушыға оптикалық кабельді жеткізумен Интернетке қатынау, ЛВС Ethernet, тіркелген сымсыз қатынау, сымсыз жергілікті желі, WiMAX және сол сияқты технологиялар жатады. Қатынау жылдамдығы бір немесе бірнеше бағыттарда 256 кбит/с немесе одан жоғары құрау керек. Бұл санға уақытша кең жолақты қатынау (мысалы, PWLAN қатынаудың нүктелері арасындағы роуминг) және жылжымалы ұялы байланыс желісі арқылы Интернетке қатынаудың пайдаланушылары кірмейді.

18-бөлімнің 1-жолында Интернетке қолжетімділікті алу үшін жалпы пайдаланыстағы коммутациялық телефон желілерінде нөмірді терумен байланысты сеанстарда қолданылған минуттардың жалпы саны көрсетіледі.

2-жолда сыртқы және ішкі қорлардың тіркелген Интернет трафигінің көлемінің жалпы саны Мбит/с көрсетіледі.

3-жолда сыртқы қорлардың тіркелген Интернет трафигінің жалпы көлемі М б и т / с көрсетіледі.

4-жолда ұтқыр Интернеттің трафиғі көрсетіледі.

5-жолда Интернеттің секундына Мбит/с мегабайттағы өткізудің халықаралық жолағы көрсетіледі. Асимметриялық көлем жағдайында (демек кіретін көлем шығатын көлемнен көбірек) кіріс көлемі туралы деректер ұсынылады. Бұл көрсеткіш халықаралық өткізу қабілетін қамтамасыз ететін интернеттердегі барлық алмасулардың көлемдерінің сомасы сияқты өлшенеді.

6-жолда Интернеттің секундына мегабиттағы халықаралық өткізу қабілетінің жалпы шығыс көлемі көрсетіледі. Бұл көрсеткіш халықаралық өткізу жолағымен қамтамасыз етілетін барлық алмасу көлемдерінің интернеттегі жиыны сияқты өлшенеді.

7-жолда Интернеттің секундына мегабиттағы халықаралық өткізу қабілетінің жалпы кіріс көлемі көрсетіледі. Бұл көрсеткіш халықаралық өткізу жолағымен қамтамасыз етілетін барлық алмасу көлемдерінің интернеттегі жиыны сияқты өлшенеді.

19-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына қызмет көрсетілетін абоненттер санына қарамастан кабельді телевизия жүйелерінің саны көрсетіледі. Көрсеткішке жер бетіндегі жүйелердің көп арналы кабельді теледидар саны кіреді: кабельді (мыс немесе оптоалшықты кабель бойынша жеткізумен) және бірнеше үйлердегі бірнеше отбасына қызмет көрсететін ұжымдық спутниктік антенна құрылғыларынан тұрады. Мұнда сондай-ақ байланыстың сымсыз арналары бойынша дабылды бөлу жүйесі қосылады.

2-жолда есепті жылдың соңына тіркелген байланыс желісінің (коаксиальді немесе оптоалшықты кабель) көмегімен жеткізілетін көп арналы теледидар пайдаланушыларының саны көрсетіледі.

3-жолда есепті жылдың соңына тапсырыс бойынша телебағдарламаларды алатын интерактивті теледидар абоненттерінің саны көрсетіледі.

20-бөлімнің 1-жолында жылжымалы ұялы байланыспен тұтастай қамтылған аумақтың пайыздық үлесі көрсетіледі. Бұл көрсеткіш жылжымалы ұялы байланыс дабылымен қамтылған аумақты жалпы аумаққа бөлу жолымен есептелінеді.

2-жолда жалпы сандық эфирлі телехабарлармен қамтылған аумақтың үлестік пайызы көрсетіледі. Бұл көрсеткіш сандық эфирлі телехабарлармен қамтылған аумақты жалпы аумаққа бөлу жолымен есептелінеді.

21-бөлімнің "Көрсеткіштің атауы" бағанында ЭҚЖЖ-нің Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал "ЭҚЖЖ-нің коды" бағынында - 5-таңбаға дейін ЭҚЖЖ сәйкес саланың коды көрсетіледі.

Ескерту: X – бұл айқындама толтыруға жатпайды.

4. Арифметикалық-логикалық бақылау:

- 1) 1-бөлім. Байланыс қызметтерінің көлемі - барлығы
 2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1 бағаннан
 4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3 бағаннан

1-жолдың 1-бағаны = 3, 4-бөлімдерінің 1-бағанының 1-жолдың Σ + 5 бөлімнің 1-бағанының 1, 7 – 10-жолдарының Σ + 6-бөлімнің 1-бағанының 1, 8-жолының Σ + 7-бөлімнің 1-бағанының 1, 5-жолының Σ + 8-бөлімнің 1-бағанының 1-3 жолдарының Σ + 9-бөлімнің 1-бағанының 1-жолы
 1-жолдың 2-бағаны = 3, 4-бөлімдерінің 2-бағанының 1-жолдың Σ + 5-бөлімнің 2-бағанының 1, 7 – 10-жолдарының Σ + 6-бөлімнің 2-бағанының 1, 8-жолының Σ + 7-бөлімнің 2-бағанының 1, 5-жолының Σ + 8-бөлімнің 2-бағанының 1-3-жолдарының Σ + 9-бөлімнің 2-бағанының 1-жолы

1-жолдың 3-бағаны = 2-бөлімнің 1-жолының 1-5-бағандарының Σ + 3, 4-бөлімдерінің 3-бағанының 1-жолдың Σ + 5-бөлімнің 3-бағанының 1, 7 - 10-жолдарының Σ + 6-бөлімнің 3-бағанының 1, 8-жолының Σ + 7-бөлімнің 3-бағанының 1, 5, 9-жолының Σ + 8-бөлімнің 3-бағанының 1-3-жолдарының Σ + 9-бөлімнің 3-бағанының 1-жолы

1-жолдың 4-бағаны 3, 4-бөлімдерінің 4-бағанының 1-жолдың Σ + 5-бөлімнің 4-бағанының 1, 7 – 10-жолдарының Σ + 6-бөлімнің 4-бағанының 1, 8-жолының Σ + 7-бөлімнің 4-бағанының 1, 5, 9-жолының Σ + 8-бөлімнің 4-бағанының 1-3 жолдарының Σ + 9-бөлімнің 4-бағанының 1-жолы

- 2) 3-бөлім. Қалааралық және халықаралық телефон байланысы желілерінің қызметтері көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
 4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол = әрбір бағандар үшін 2 – 4-жолдардың Σ

- 3) 4-бөлім. Жалпы пайдаланатын жергілікті телефон байланысы желілерінің қызметтері көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
 4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол \geq барлық бағандар бойынша 2 – 5-жолдардың Σ

- 4) 5-бөлім. Ұтқыр телефон байланысы қызметтерінің көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
 4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол = әрбір бағандар үшін 2 – 6-жолдардың Σ

- 5) 6-бөлім. Телекоммуникациялық желілер бойынша деректерді беру жөніндегі қызметтері көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
 4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол = 2 жол + әрбір бағандар үшін 6, 7-жолдардың Σ

2-жол = әрбір бағандар үшін 3 – 5-жолдардың Σ

8-жол = 9-жол + әрбір бағандар үшін 13, 14-жолдардың Σ

9-жол = әрбір бағандар үшін 10 – 12-жолдардың Σ

6) 7-бөлім. Интернеттің телекоммуникациялық қызметтерінің көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан.

4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол = әрбір бағандар үшін 2 – 4-жолдардың Σ

5-жол = әрбір бағандар үшін 6 – 8-жолдардың Σ

9-жол = 3, 4-бағандар бойынша 10, 11-жолдардың Σ

7) 8-бөлім. Бағдарламаларды тарату бойынша қызметтердің көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан

4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

8) 9-бөлім. Өзге де телекоммуникациялық қызметтер көлемі

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан

4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол = 2 – 6-жолдары + барлық бағандар бойынша 10-жолдар Σ

6-жол = барлық бағандар бойынша 7 – 9-жолдардың Σ

9) 10-бөлім. Тіркелген телефон желілерінің саны

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан

4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

2-жол \leq барлық бағандар бойынша 1-жолдан

10) 11-бөлім. Қалааралық телефон байланысының шақырулары бойынша

а қ п а р а т

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан

1-жол = барлық бағандар бойынша 2 – 4-жолдардың Σ

11) 13-бөлім. Байланыстың тіркелген телефон желісінің трафигі

1-жол \geq әрбір бағандар үшін 2-жолдан

4-жол = әрбір бағандар үшін 5 – 6-жолдардың Σ

12) 15-бөлім. Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны

2-жолдың 1-бағаны \leq 1-бағаны бойынша 1-жолдан

3-жол \leq әрбір бағандар үшін 1-жолдан

15.1-бөлім 1-бағаны \leq 1-баған бойынша 1-жолдан

15.2-бөлім 1-бағаны \leq 1-баған бойынша 1-жолдан

13) 16-бөлім. Жөнелтілген телеграммалар саны

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан

4-баған \leq әрбір жолдар үшін 3-бағаннан

1-жол = әрбір бағандар үшін 2 – 4-жолдар Σ

14) 17-бөлім. Тіркелген интернет абоненттері туралы ақпарат

2-баған \leq әрбір жолдар үшін 1-бағаннан

- 4-баған ≤әрбір жолдар үшін 3-бағаннан
 1-жол = әрбір бағандар үшін 2, 3-жолдар Σ
 3-жол = әрбір бағандар үшін 4-7-жолдар Σ
- 15) 18-бөлім. Интернет желілеріндегі трафиктер туралы ақпарат
 2-баған ≤ әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
 3-жол ≤ барлық бағандар бойынша 2 жолдан
 5-жол = әрбір бағандар үшін 6, 7-жолдар Σ
- 16) 19-бөлім. Кабельді теледидар жүйесі мен абоненттер саны 2-баған
 ≤әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
 4-баған ≤әрбір жолдар үшін 3-бағаннан
 3-жол ≤барлық бағандар бойынша 2-жолдан
- 17) 20-бөлім. Аумақтың жылжымалы ұялы байланыс желісімен және сандық
 эфирлі телехабарлармен қамтылуы
 2-баған ≤әрбір жолдар үшін 1-бағаннан
- 18) 22-бөлім. Қосалқы қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (жұмыс,
 қызмет) көлемі туралы ақпарат
 1-жол = барлық жолдардың Σ

Қазақстан Республикасы Статистика
 агенттігі төрағасы міндетін
 атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы
 № 232 бұйрығына 5-қосымша

	<p>Мемлекеттік статистика органдары құпиялылық сақтауға кепілдік б е р е д і</p> <p>Confidentiality is guaranteed by the state statistical agencies</p>	<p>Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2010 жы л ғы 24 тамыздағы № 232 бұйрығына 5-қосымша</p>											
	<p>Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны</p> <p>Statistical form of the general state statistical observation</p>	<p>Приложение 5 к приказу исполняющего обязанности председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 24 августа 2010г. № 232</p>											
<p>Аумақтық органға тапсырылады</p> <p>Представляется территориальному органу</p> <p>Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан а л у ғ а б о л а д ы</p> <p>Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz</p>	<p>Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз)</p> <p>Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)</p> <table border="1" data-bbox="846 1680 1510 1808"> <tr> <td>1 сағатқа дейін</td> <td>1-2</td> <td>2-4</td> <td>4-8</td> <td>8-40</td> <td>40 сағаттан артық</td> </tr> <tr> <td>до 1</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>более 40</td> </tr> </table>	1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық	до 1					более 40
1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық								
до 1					более 40								
<p>Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді уақтылы тапсырмау, дәйекті емес деректерді беру әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.</p>													

Несвоевременное представление, предоставление недостоверных первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики являются административными правонарушениями и влекут за собой ответственность в соответствии с действующим законодательством РК.

Статистикалық нысан коды 0901101 Код статистической формы 0901101	Почталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп Отчет о почтовой и курьерской деятельности и услугах связи
3 – байланыс 3-связь	
А й л ы қ Месячная	Есепті кезең _ _ ай _ _ _ Жыл Отчетный период месяц Год
Қызметкерлерінің санына қарамастан, Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 53 - почта және курьерлік қызмет кодына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері тапсырады. Представляется юридическими лицами и (или) их структурными и обособленными подразделениями, независимо от численности, имеющими основной вид деятельности согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности (далее - ОКЭД) 53 – почтовая и курьерская деятельность.	
Тапсыру мерзімі – есепті айдан кейін 2-не дейін. Срок представления – 2 числа после отчетного месяца.	
КҰЖЖ коды Код ОКПО	<input type="text"/>
БСН коды код БИН	<input type="text"/>

1. Почта және курьерлік байланысы қызметтерінің көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңгемен

Укажите информацию об объеме услуг почтовой и курьерской деятельности, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Халыққа көрсетілген қызметтер Услуги, оказанные населению		Басқа топтарға көрсетілген қызметтер Услуги, оказанные другим группам	
		барлығы всего	оның ішінде – ауылдық жерлерде из них - сельская местность	барлығы всего	оның ішінде ауылдық жерлерде из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Почта және курьерлік қызметтер Услуги почтовые и курьерские				

2. Байланыс қызметтерінің көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңгемен

Укажите информацию об объеме услуг связи, тысяч тенге

--	--	--	--	--	--

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Халыққа көрсетілген қызметтер Услуги, оказанные населению		Басқа топтарға көрсетілген қызметтер Услуги, оказанные другим группам	
		барлығы всего	оның ішінде – ауылдық жерлерде из них - сельская местность	барлығы всего	оның ішінде – ауылдық жерлерде из них - сельская местность
А	Б	1	2	3	4
1	Жалпы пайдаланудағы қалааралық және халықаралық телефон байланысы желісі қызметтері Услуги междугородной и международной телефонной сети связи общего пользования				
2	республика ішінде внутри республики				
3	ТМД елдері страны СНГ				
4	ТМД-дан тыс елдер страны вне СНГ				
5	Жалпы пайдаланудағы жергілікті телефон байланысы желісі қызметтері Услуги местной телефонной сети связи общего пользования				
6	Сымды және сымсыз телекоммуникациялық желілер арқылы деректерді беру бойынша қызметтер Услуги по передаче данных по сетям телекоммуникационным проводным и беспроводным				
7	Сымды және сымсыз желілер арқылы Интернетке шығу қызметтері Услуги по доступу в Интернет по сетям проводным и беспроводным				
8	Сымсыз желілері және спутник, кабельді инфрақұрылым арқылы бағдарламаларды тарату қызметтері Услуги по распространению программ по инфраструктуре кабельной, по сетям беспроводным и через спутник				
9	Жедел әрекетті телефон байланыс қызметі Услуги мобильной телефонной связи				

10	ұялы байланыс қызметі услуги сотовой связи				
11	Өзге де телекоммуникациялық қызметтер Услуги телекоммуникационные, прочие				

3. Байланыстың негізгі қызметтерін тұтынушылар туралы ақпаратты көрсетіңіз, м ы ң б і р л і к т е

Укажите информацию о потребителях основных услуг связи, тысяч единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Халыққа көрсетілген қызметтер Услуги, оказанные населению		Басқа топтарға көрсетілген қызметтер Услуги, оказанные другим группам	
		барлығы всего	оның ішінде – ауылдық жерлерде из них - сельская местность	барлығы всего	оның ішінде ауылдық жерлерде из них - сельск местность
А	Б	1	2	3	4
1	Тіркелген телефон желілерінің саны Число фиксированных телефонных линий				
2	Цифрлық телефон станцияларына қосылған, тіркелген телефон желілерінің саны Число фиксированных телефонных линий, подключенных к цифровым телефонным станциям				
3	Ұялы байланыс абоненттерінің с а н ы Число абонентов сотовой связи				
4	Бекітілген Интернет абоненттерінің с а н ы Число абонентов фиксированного Интернета				
5	оның ішінде - жоғары жылдамдықты кең жолақты шығуды пайдаланумен из них - с использованием высокоскоростного широкополосного доступа				
6	Интернетке қатынауы бар ұялы байланысы абоненттерінің саны Число абонентов сотовой связи, имеющих доступ к Интернет				
7	оның ішінде - жоғары жылдамдықты кең жолақты шығуды пайдаланумен				

из них - с использованием
высокоскоростного
широкополосного доступа

4. Коммутациялық станциялардың (елді-мекен пункттерінің) саны туралы ақпаратты көрсетіңіз, бірлік

Укажите информацию о количестве коммутационных станций (пунктов), единиц

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	Оның ішінде – ауылдық жерлерде Из них - сельская местность
А	Б	1	2
1	Орнатылған коммутациялық станциялардың (елді-мекен пункттерінің) саны Количество монтированных коммутационных станций (пунктов)		
2	соның ішінде - цифрлық коммутациялық станциялар (елді-мекен пункттер) из них - цифровые коммутационные станции (пункты)		

А т а у ы

Наименование _____

М е к е н ж а й ы

Адрес _____

Тел.: _____

Э л е к т р о н д ы қ

Электронный адрес _____

м е к е н - ж а й ы

О р ы н д а у ш ы н ы ң

а т ы - ж ө н і

ж әне

т е л е ф о н ы

Фамилия и телефон исполнителя _____ Тел. _____

Б а с ш ы (Аты-жөні, тегі, қолы)Руководитель _____ (Ф.И.О.,

подпись) _____

Б а с

б у х г а л т е р

(Аты-жөні,

т е г і,

қ о л ы)

Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М.О.

М.П.

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі төрағасы міндетін
атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы
№ 232 бұйрығына 6-қосымша

«Почталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық

нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (код 0901101, индексі 3 – байланыс, кезеңділігі айлық)

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Почта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (код 0901101, индексі 3 – байланыс, кезеңділігі айлық) толтыру тәртібін нақтылайды.

2 Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанын толтыру мақсатында қ о л д а н ы л а д ы :

1) деректерді беру - кейінгі өңдеу немесе өңдеуден кейін қос таңбалы түрінде есептеу құралдарымен ұсынылған деректердің берілуін электр байланыс құралдарымен қамтамасыз ететін электр байланысының түрі;

2) жергілікті телефон байланысы - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бір елді мекендегі абоненттер арасындағы телефондық байланыс;

3) Интернет - ТСР/IP хаттамалары арқылы өзара әрекет ететін, компьютерлік желілерді біріктіретін жаһандық компьютер желісі;

4) абонент - байланыс қызметі үшін абоненттік желі, абоненттік нөмір немесе сәйкестендіру кодын беру арқылы қызмет көрсету туралы шарт жасалған жеке н е м е с е з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ;

5) қаларалық телефон байланысы - жергілікті телефон байланысын қоспағандағы Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан пайдаланушылар а р а с ы н д а ғы т е л е ф о н б а й л а н ы с ы ;

6) негізгі телефон желісі - ортақ пайдаланым коммутациялық желімен жалғанған және дербес нөмір немесе жергілікті желінің телефон стансасы жабдықтарында бөлінген порты бар шеткі абоненттік құрылғысы;

7) почта байланысы - почта жөнелтімдерін қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жөнелту, сонымен бірге мерзімді басылымдарды жіберу, жеткізу және тарату;

8) почталық қызмет - почталық қызмет арқылы почталық қызметті ұсыну;

9) радиобайланыс, радио- және телевизиялық хабарлар - бағдарламаларды радио және телевидения бағдарламаларын эфирде беруді, телефон-телеграфтық хабарламалар, сандық ақпараттарды беру үшін радиоарналарды ұсыну;

10) телеграфтық байланыс - жеделхаттарды, фотожеделхаттарды тапсыру және жеткізу, абоненттік телеграф арқылы сөйлесулерді қамтамасыз ету, деректерді (түрлі объектілер - кәсіпорындар, мекемелер, электронды есептеу машиналары арасындағы жедел ақпараттық айырбас) беру, газет беттерін т а б ы с т а у ;

11) телефон байланысы - жергілікті (қалалық және ауылдық), қалааралық және халықаралық телефон сөйлесулерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету,

телефон арналары арқылы деректерді тапсыруды ұйымдастыру;

12) транкингік байланыс - топтық шақыру режимінде қызмет етуші радиобайланыс. Көптік қол жетімділік үшін арналарды жиіліктерге бөлу қолданылады. Жиіліктер абоненттерге бекітілмеген: эфирге шыққысы келетін пайдаланушы радиостанциясы бос арнаны іздеп байланысқа шығуға болатын спектрді жаймалай тексереді және оны тапқаннан соң ғана тапсыруды бастайды;

13) ұялы байланыс - радиотолқындар арқылы берілетін сөз түріндегі ақпаратпен екі жақты алмасуға арналған және абонентті бір ұяшықтан екінші ұяшыққа орнын ауыстыру кезінде байланыстың үздіксіздік мүмкіндігін қамтамасыз ететін ұяшықтар қатарына қызмет көрсететін аумақтарды бөлуді пайдаланатын электрлі байланыс түрі;

14) халықаралық телефон байланысы - Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекет аумағында орналасқан байланыс қызметтерін пайдаланушылар арасындағы телефон байланысы;

15) электр байланысы (телекоммуникация) - белгілерді, сигналдарды, жазбаша мәтіндерді, бейнелер мен дыбыстарды сым, радио-, оптикалық немесе басқа электрмагниттік жүйелер арқылы беру және қабылдау;

16) электрондық почта - Интернетке қосылған екі компьютер арасындағы мәтіндік хабарламалар мен салынған файлдарды табыстау арнасы;

17) IP-телефония - Интернетті немесе кез-келген басқа IP-желісін халықаралық және қалааралық телефон сөйлесулерін ұйымдастыру және жүргізу және нақты уақыт режимінде факстерді тапсыру құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік туғызушы технология.

3. Есептіліктің барлық көрсеткіштері құндық көріністе қосылған құн салығынсыз, бір ондық белгісімен мың теңгемен көрсетіледі.

Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерге заңды тұлға статистикалық нысанды беруді өткізу бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жердегі статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсынады. Егер құрылымдық бөлімше статистикалық нысанды беруді өткізу бойынша өкілеттіктерді алмаса, онда заңды тұлға өзі орналасқан жердегі статистика органдарына олардың аумақтарын көрсете отырып құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде статистикалық нысанды ұсынады.

